



**Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету құнын уақыт бойынша есептеуді енгізу туралы нормативтік құқықтық актілердің ережелерін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 9 шілде N 11/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан өзінің ашық отырысында, өтініш субъектісі - Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының төрайымы Д . Қ . Қ ұ р м а н о в а н ы ң ;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және аймақтық даму жөніндегі комитеттің мүшесі Ш.Ә.Оразалиновтың;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі К.К.Масимовтың;

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі А.Н.Котловтың;

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы Б.М.Имашевтың;

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланысты қамтамасыз ету орталығының бөлім бастығы А.З.Зейнуллиннің;

"Қазақтелеком" ААҚ-ның президенті А.А.Бектасовтың;

Қазақстан Тұтынушыларының ұлттық лигасының өкімі Б.Т.Ахметжанованың қ а т ы с у ы м е н ,

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету құнын уақыт бойынша есептеуді енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұ с ы н ы м ы н қ а р а д ы .

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар - Конституциялық Кеңестің мүшелері А.К.Котов пен В.Д.Шопиннің хабарын, отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны

**А Н Ы Қ Т А Д Ы :**

Конституциялық Кеңеске 2001 жылғы 18 маусымда Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету құнын

уақыт бойынша есептеуді енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы келіп түсті.

Соттың Конституциялық Кеңеске ұсыным жасауына азамат Р.Ж.Жамбырбаевтың осы нормативтік құқықтық актілердің жекелеген ережелері тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді ешқандай кемітуге болмайды деген Конституцияның 14-бабы 2-тармағына, сондай-ақ, әркім өзінің телефон арқылы сөйлескен сөздерінің құпиялылығы сақталуына құқығы бар, ал мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті деген Конституцияның 18-бабы 2 және 3-тармақтарына қайшы келеді деп есептеген талап арызы себеп болған.

Сот, оның ұсынымын Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қ а р а ғ а н д а :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысының 3-тармағының;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бірлескен бұйрығы бекіткен Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің, телеграф және пошта байланысының қызмет көрсету ережелері 5.2-тармағының (бұдан әрі - Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің, телеграф және пошта байланысының қызмет көрсету ережелері) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселені шешіп беруді өтінеді.

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының ұсынымын қарау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика Үкіметінің құзыретін белгілей келіп, өз құзыретінің мәселелері бойынша ол Негізгі Заңның 69-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығаруын көздейді. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Конституциялық заңның 13-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында оның Республика заңдарының орындалуын қамтамасыз етуін, оларды министрліктердің, басқа орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылауын белгілеген.

Министрлер Кабинетінің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысы Қазақстан Республикасының Үкіметіне 84-бабында мемлекеттік басқару мәселелерін шешуге құзырет берген және 86-бабында оған елдің бүкіл аумағында міндетті күші бар актілер шығаруға құқық берген 1993 жылғы Конституцияның негізінде және оны орындау мақсатында қабылданған болатын. Сот дауласып отырған 3-тармағы бөлігінде бұл қаулы қолданылып жүрген Конституцияның Республика Үкіметінің құзыреті туралы 66-бабының нормаларына сәйкес келеді. Қаулыны ол конституциялық нормаларға сәйкес және Республика Үкіметінің іс жүргізу

шегінде қабылдаған. Заң белгілеген тәртіппен оның күші жойылмаған және қолданылып жүрген болып табылады.

Министрлер Кабинетінің N 732 қаулысында "Қазақтелекомға" "байланыс кәсіпорындарының техникалық құралдармен жарақталуына қарай жергілікті сөйлесулер құнын уақыт бойынша есептеуді енгізуді жүзеге асыру" жүктелген.

Министрлер Кабинетінің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" қаулысының 3-тармағы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бірлескен бұйрығы бекіткен Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелерінің 5.2-тармағымен ү н д е с е д і .

Ережелердің 5.2-тармағында жергілікті телекоммуникациялар желісінің операторына "төлемақыны уақыт бойынша есепке алу аппаратураларының /АПУС/ негізгі талаптарына сәйкес келетін, метрологиялық қамтамасыз ету нормаларына жауап беретін және міндетті мемлекеттік тексеруге жататын жергілікті сөйлесулер ақысын уақыт бойынша есепке алу жүйесін енгізу" шартты құқығы берілген.

Үкіметтің N 732 қаулысының осы ережелері мен Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелерін тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді кемсітуге болмайтыны туралы бөлігіндегі Конституцияның 14-бабы 2-тармағына, сондай-ақ әркім өзінің телефон арқылы сөйлескен сөздерінің құпиялылығы сақталуына құқықты екендігі және әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету туралы Конституцияның 18-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкестігін талдай келіп, Конституциялық Кеңес олар Конституция нормаларына қайшы келмейді деген қ о р ы т ы н д ы ғ а к е л д і .

Үкіметтің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" N 732 қаулысының 3-тармағы тұрғылықты жерінің айырмашылығына байланысты біреулердің құқықтарын шектеу есебінен немесе Конституцияның 14-бабында тыйым салынған кемсітушілік белгілерімен біреулерге заң жүзінде және іс жүзінде артықшылық беруге бағытталмаған. Үкіметтің бұл қаулысының Конституцияның 69-бабы 1-тармағына сәйкес аймақтарға, сондай-ақ Республиканың барлық аумағында міндетті күші бар.

Тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтыны туралы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының ережесі Конституцияның 14-бабы 1-тармағындағы заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екені туралы ережемен тығыз байланысты, және бұл жағдайда Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жеріне карамастан заң актілерінде белгіленген бір негіздер бойынша субъектілердің құқықтары бірдей және бірдей міндеттерді орындауға тиісті, сондай-ақ осы құқықтары мемлекет тарапынан бірдей қорғалады және заң мен сот алдында бірдей жауапты болады. Сот билігі Конституцияның 76-бабы 2-тармағына сәйкес, Конституцияның,

заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің негізінде, сондай-ақ Республиканың халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Конституциялық Кеңестің пікірі бойынша, Үкіметтің N 732 қаулысының 3-тармағының жергілікті телефонмен сөйлесулер ақысын уақыт бойынша есептеуді енгізу туралы ережесі, сондай-ақ Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелерінің 5.2-тармағы жергілікті телекоммуникациялар желілерінің көрсеткен қызметін пайдалануды байланыстың көрсеткен қызметінің көлемі мен сапасына бара-бар есеп пен ақы төлеуді объективті экономикалық өлшемге жүйелі түрде ауыстыру міндетін атқарады. Сонымен қатар бұл ережелер оған бірте-бірте көшуді және оны жүзеге асыруды техникалық жарактандырумен шарттастырады. Жария шарттың талаптары бойынша тұтынушылардың теңдігі мен тұтынушылардың байланыс қызметінің нысандары мен олардың төлемақысын таңдау құқығы бұзылмауға тиіс. Заң нормаларының және басқа нормативтік құқықтық актілері дұрыстығының негізін құрайтын жоғары заңдық күші және тікелей күші бар Негізгі Заң болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясында бұған байланысты нақтылы нұсқау жоқ. Қазақстанды әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру және Республиканың бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуы туралы Конституцияда жалпы ережелер бар, сондай-ақ монополистік қызмет заңмен реттелетін және шектелетіні, ал жосықсыз бәсекеге тыйым салынатыны туралы Негізгі Заңның 26-бабы 4-тармағының нормалары бар. Олар Конституциялық Кеңестің Конституцияның 28-бабы 1-тармағы кепілдік беретін елдегі жалақының, зейнетақының және әлеуметтік камсыздандырудың мөлшерлес осы объективті экономикалық өлшемді енгізуді Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді деп есептеуіне негіз болады. Негізгі Заңның 12-бабы 1-тармағында Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі делінген.

Ресми жариялау және азаматтарға өзінің құқықтарына қатысты, 1995 жылғы Конституцияның 4-бабы 4-тармағының және 18-бабы 3-тармағының мағынасымен сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілермен таныстыру мүмкіндігімен қамтамасыз ету туралы 1993 жылғы Конституцияның 32-бабы екінші бөлігіне және 33-бабының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысы "Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметі актілері жинағының" сол жылғы N 18 ресми түрде жарияланды. Осы қаулының мәтінімен "Юрист" ашық анықтамалық жүйеден азаматтардың кеңінен танысуына болады.

"Жергілікті коммуникациялар желілерінің, телеграф және пошта байланысының қызмет көрсету ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан

Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бірлескен бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 маусымда N 329 болып тіркелді. Қолданылып жүрген Конституцияның 18-бабы 3-тармағына сәйкес бұл бұйрықпен Республикалық орталықтың 1996-2001 жылдардағы "Заңдар" құқықтық ақпарат ресми анықтама жүйесімен кеңінен танысуға болады.

Министрлер Кабинетінің N 732 қаулысының ережелері мен Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелерін және Конституцияның 18-бабы 2-тармағында көзделген телефон арқылы сөйлескен сөздерінің құпиялылығы сақталуына байланысты адам және азамат құқығына қысым жасау бөлігін конституциялық емес деп тануға негіз жоқ. Жергілікті телефон байланысы қызметінің көлемі мен сапасын есептеудің бір жүйесінен тиісінше ұйымдық, технологиялық және нормативтік тұрғыдан қамтамасыз етілетін басқа жүйесіне көшу әркімнің телефон арқылы сөйлескен сөздерінің құпиялылығы сақталуының конституциялық құқығына ықпал жасамайды, ал телефон байланысының қызмет көрсетуінің бұрынғы жүйесі жағдайында мұндай кепілдіктер болмаған немесе олар бұзылған ретте осы құқыққа қысым жасалу мүмкіндігін жоққа шығармайды, бұл абоненттердің жеке сөйлескен сөздері мағынасының құпиялылығына құқығын білдіреді.

Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелерінің 2.5-тармағында "телефонмен сөйлескен сөздерді тыңдауға, олар туралы мағлұматтар алуға тек Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен негіздерде ғана жол беріледі. Операторлар телефонмен сөйлескен сөздердің құпиялылығын сақтауға міндетті" деп белгіленген.

Бұл Ережелер абоненттердің мүддесін қорғауды көздейді, оларға тұрмысқа қажетті қызметтермен телефон арқылы тегін байланыс жасауға құқық береді, жергілікті телефонмен сөйлесулердің құнын уақыт бойынша есепке алу енгізілген кезде абоненттің бірінші талабы бойынша олар туралы бағыт сілтеуші мағлұматтар беруге операторды міндеттейді. Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету ережелері тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді де ешқандай кемсіту болып табылмайды. Ережелердің 2.1-тармағына сәйкес абоненттердің мүдделерін қорғауға қатысты олардың нормалары елдің тек жекелей алынған аймағы үшін ғана емес, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындау үшін міндетті.

Жергілікті телефон байланысының қызмет көрсетуін уақыт бойынша есепке алу енгізілген кездегі құқық қолдану практикасы мен техникалық жарактандырудағы кемшіліктерді қарау Конституциялық Кеңестің құзыретіне жатпайды.

Сонымен, Конституциялық Кеңес Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының ұсынымында көрсетілген жергілікті телекоммуникациялар желілерінің қызмет көрсету құнын уақыт бойынша есептеуді енгізуді анықтайтын нормативтік құқықтық актілердің ережелерінде Конституцияға сәйкес емес деп тану үшін формальды-заңдық негіздер жоқ деп біледі.

Баяндалғандардың негізінде, және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 2-тармағын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 33, 37, 38, 40 және 41-баптары негізінде Конституциялық Кеңес

## Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысының 3-тармағы және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бірлескен бұйрығы бекіткен Жергілікті телекоммуникациялар желілерінің, телеграф және пошта байланысының қызмет көрсету ережелерінің 5.2-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы 2-тармағының және 18-бабының 2 және 3-тармақтарының нормаларына қайшы келмейді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі (К.К.Масимов), Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (Б.М.Имашев) осы қаулы күшіне енген күннен бастап екі ай мерзім ішінде оны орындау үшін қабылданған шаралар туралы хабарласын.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы

3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы

Мамандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК